

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Ш.М. Айтжанова



2024-2025 оқу жылындағы

педагог- психологтың жылдық есебі

Педагог-психолог: Сулейменова С.К

Ұялы ауылының негізгі орта мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы педагог-психологтің атқарған жылдық есебі.

Мектеп психологы: Сулейменова Сагираш Кенжебекқызы

Мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- 1) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке базы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Бағыттары:

1. Психодиагностика
2. Түзету - дамыту жұмысы.
3. Ағартушылық және психопрофилактикалық қызметі.
4. Кеңес беру .

Ұялы ауылының негізгі орта мектебінде қыркүйек айында психологиялық қызмет ұйымдастырылып, мектепке дейінгі кезеңнен бастауышқа, орта буынға, жоғары буынға өту кезеңін бақылау мақсатында тренинг жаттығулары және диагностикалық әдістемелер өткізілді. Мектепалды даярлық және 1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында психодиагностикалық жұмыс бағыты бойынша «Керн-Йерасик» тесті алынып, нәтижесі шығарылып қорытынды жасалынды. 1 сыныпта жалпы 2 оқушы бар. Оқушылар мектепке бейімделген. Педагогикалық үлгермейтін, психологиялық дамуы тежелген оқу жоқ.

Бастауыш сыныптан 5-сыныпқа өткен оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың оқу әрекетінде және сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынасында туындаған қиындықтарды анықтау мақсатында 5 сынып Н.Г. Лусканова тесті алынып, оқушылардың бейімделуі қалыпты жағдайда екендігі және мектепке деген теріс көзқарас, дезадаптация анықталған оқушы жоқ. Оқушылар толығымен орта буынға бейімделген. Бұл әдістемеге сыныптағы оқушылар түгел қатысты.

2024-2025 оқу жылында Қорғалжын аудандық білім беру бөлімінің және Білім Басқармасының № бұйрығына сәйкес 5-9 қыркүйек аралығында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

Аталған шараны өткізу мақсатында жоспар құрылып, мектеп дәлізіне ілінді. Іс-шаралардың өтуіне жауапты ұстаздар бекітілді. Барлық сынып жетекшілер жоспармен таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді және оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, 1-4 сынып ата-аналарына «Отбасы-бақыт бесігі» тақырыбында АПҚО жоспары бойынша тренинг жаттығулары өткізілді. 5-9 сынып ата-аналарына «Баланың бас ұстазы-ата-ана» тақырыбында АПҚО жоспары бойынша тренинг жаттығулары өткізілді.

1-сынып оқушыларына «Кішкентай көңілді балалар» тақырыбында тренинг жаттығулары өткізілі. Тренинг барысында «Амандасу», «Жақсы және жаман қасиеттер», «Сикырлы доп» жаттығуы, жаттығуларын оқушылар қызығушылықпен орындап шықты.

5-сынып оқушыларына өздерінің бойындағы сенімділікті арттыру мақсатында «Сенімділік серігім...» тақырыбында тренинг, 8-9 сынып оқушыларына өзін-өзі тану тұлғалық тәсілдерін таба білу, эмоцияны реттеу мақсатында тренинг жаттығулары өткізілді.

Оқушылардың мектептегі жағдайларды өзіндік бағалауын анықтау мақсатында **Кондаштың «Мектептегі жағдайларды өзіндік бағалау»** әдістемесі өткізілді. Диагностикалық әдістеме қорытындысы бойынша мазасыздану деңгейі жоғары оқушылар анықталған жоқ.

8-9 сынып оқушыларына зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында **«Зиянды әдеттер»** тақырыбында сауалнама өткізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 100% зиянды әдеттерге әуес еместігі және денсаулыққа қауіпі жайлы хабардар екендігі анықталды.

Сонымен қатар 1-9-сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында **«Баспалдақ», «Мен қандаймын?», «Өзін-өзі бағалау»** диагностикалық әдістемелері өткізілді. 8-9 сынып оқушыларына **«Депрессивтік жағдайды анықтау»** әдістемесі өткізілді.

Ұстаздардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу және қолдау көрсету мақсатында тренинг жаттығулары өткізілді.

МАС, 1-2-3 сыныптарында өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында **«Баспалдақ»** әдістемесі өткізілді. Әдістеме қорытындысы бойынша оқушылардың басым бөлігі өзін-өзі бағалауы орташа және жоғары нәтижені көрсетті. 8-9 сынып оқушыларына мамандыққа бағыттау мақсатында **«Мен не қалаймын?»** тақырыбында тренинг және мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында **«Қызығушылық картасы»** А.Голомшток диагностикалық әдістемесі өткізілді. Диагностикалық әдістеме қорытындысы шығарылып, сынып жетекшісі мен оқушыларға ұсынылды.

Педагогтар арасында **«Буллинг, Жасөпірімдер арасында сунцидке итермелейтін әрекеттің алдын алу»** тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу соңында педагогтар қажетті, пайдалы ақпарат алғандығы туралы өз ойларымен бөлісті. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қолсұғушылықтан, зорлық-зомбылықтың алдын алу және орын алған фактіні анықтау мақсатында анонимді сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 7-9 сыныптар аралығында барлық оқушылар қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша ешқандай зорлық-зомбылықты бастан өткерген оқушы анықталған жоқ. **«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** тақырыбында ата-аналарға дәріс оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

9-сынып оқушыларына өздеріне деген сенімділігін арттыру мақсатында **«Жетістікке жету өз қолыңда»** тренингі, 8-9-сынып оқушыларына өмір туралы дұрыс шынайы көзқарас қарым- қатынас орнату мақсатында **«Өмір,**

кымбатсың маған» тренингі өткізілді. 9-сынып оқушыларына «Темперамент және мамандық» тақырыбында әдістеме және «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг жаттығулары өткізілді. Оқушылардың мамандық таңдауына бағыт-бағдар беру мақсатында «Мен мамандық әлеміндемін» тақырыбында 9-сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. 9-сынып ата-аналарына «Негізгі мектеп түлектеріне бағдарлы оқу бағытын таңдауда қалай көмектесуге болады?» тақырыбында топтық кеңестер берілді.

5-9 сынып оқушыларына «Жасөспірімдердің арасындағы әлімжеттік жасау, бопсалау» тақырыбында сауалнама өткізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша әлімжеттік жасау және бопсалау фактілері анықталған жоқ. 9-сынып оқушыларына «Болашақ менің қолымда», «Мен ерекше қайталанбайтын тұлға» тақырыптарында тренинг жаттығулары өткізілді. Тренингке барлық оқушылар белсенді қатысты.

Бастауыш сынып оқушыларымен «Буллинг деген не және оның белгілері» тақырыбында дәріс сабақтар мен психологиялық тренинг өткізді.



«Жаксы көңіл күй» тақырыбында 1,5 сынып және ата-аналарымен тренинг өткізілді. Мақсаты: Қиындықтарды мектеппен бірге, ата-ана мен баланы жақындастыру. Баласына көп көңіл бөлуін дамыту, т.с.с. Сынып ата-аналар жиналыстарында «Суицид» ұғымымен таныстырылды. Сабақ кезінде жеке оқушылардың бабын табу мәселелері пән мұғалімдерге кеңес ретінде ескертілді.

Сонымен қатар мектебімізде «Алғыс айту» күніне орай мектеп оқушыларына, ұстаздарына және қызметкерлеріне бір-біріне сыйластықтарын арттыру және ұжымдағы қарым-қатынастарын нығайту, көңіл-күйлерін

көтеру мақсатында «Алғыс айту парызым!» тақырыбында тренинг жаттығулары өткізілді.

5-9 сынып оқушыларынан «Стреске төзімділік» тесті алынып, оның айқындығына көз жеткізу үшін анықталған оқушылармен тест сұрақтарына байланысты жеке әңгімелер жүргізілді. Әр сыныптармен топтық профилактикалық жаттығулар жүргізілді, олар өзіне сенімділігін арттыру, көңіл-күйін көтеру, коммуникативтілікті, еңбекқорлықты дамыту, өзін-өзі тану. Өмірді, ата-анасын, айналасын сүйе білуге дамыту жұмыстары жүргізілді. 8-9 сынып оқушыларынан Превенция бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Олар: сауалнама, сұхбат, сабақтар, психологиялық жаттығулар, вахтерларды оқыту және бақылау, ағарту, алдын алу, түзету жұмыстары.



Әр сыныппен достық, көңіл-күй ұғымында тренингер өткізілді. 9 сыныппен «Стресс деген не? Одан арылу жолдары» туралы түсінігін қалыптастырып, креативтілікті, өзіне сенімділігін арттыруға арналған жаттығулар өткізілді.



«Өмір кандай керемет» атты 1-4 сынып арасында фотогалерея байқауы өткізілді. Және тағы адами қалыптасуына байланысты жаттығулар, сырттай бақылау жұмыстары өткізіледі.




Оқушының қазіргі кезде болып жатқан мінез-кұлықтарын өзінің түсінуіне ықпал ету. Өзгерістерді қабылдауға үйрету. Емтиханға дайындалу мотивациясын көтеру мақсатында 8-9 сыныппен «Өзгерісті қабылдау» тақырыбында тренинг өткізілді.

Сонымен қатар оқушыларға интернеттегі ойындар: «Қальмары», «синий кит», роботтармен атысу ойыны, ғарыштағы соғыс ойыны т.б, сонымен қатар әртүрлі мультимедиялар туралы ақпарат айтылды. Кейіпкерлердің түсініксіз болатыны. Жақсы қасиеттері, әділдік, намыстық, мейірімділік, достық, т.б қасиетті кейіпкерлердің мүлдем болмайтыны айтылды. Виртуалды достардан келетін зиянды тапсымалар. Өтірік дос болып басқа жағдайға тап келуі мүмкін екені айтылып, балалардың кіммен сөйлесіп, кіммен жиі хабарласатынын қарап, телефонға қадағалау жүктеуіне кеңес берілді. Смартфонға қатысты әртүрлі келеңсіз жағдаяттарға байланысты видео-роликтер көрсетілді.




Оқушылардың өзіндік сезімін, ойын, көңілін еркін білдірте алатындай сыныпта жағымды ахуал орнату. Қысымнан арылтып, әлеуметтік дамыту. «Көңіл-күй» ұғымымен таныстыру. Өзара достық, мейірім қатынасты нығайту. Өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында 8-9 сынып оқушыларына «Менің көңіл-күйім» тақырыбында тренинг сабағы өтілді.



Тренингте оқушылардың көңіл-күйлерін білу үшін түрлі қатаңдар ұсынылды. Оқушылардың көбі көңіл-күйлері оңайырақ көрсетті. Мектепте оқушылардың қай кезде көңіл-күйлері түсетінін айтты. Барлық оқушы жауап берді.



5 - 7 сынып оқушыларына Өмірді сүйете барытау, сундидік әрекетті анықтау мақсатында «Мен өмірді сүйемін, өйткені...» аяқталмаған сөйлем әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде: оқушылардың өмірге құштарлығы өте жақсы. Бастауыш сынып оқушыларымен психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді. Тақырыбы: Бұлжыт деген не және оның белгілері. Мақсаты: Бұлжыттың алдын алу, балаларды бұлжытқа қарсы түрлі қасиеттерін үйренуге жағдай жасау.



«Оқушыларға көңіл - күйлерін бақылауға кенес беру» тақырыбында 1 - 4 сынып оқушыларына бейнеарнап көрсету арқылы кенес берілді. «Өзің - өзі бағалау мен тәрбиелеу дағдыларының қалыптасуы», «Оқушыларға кибербуллинг туралы түсінік беру» тақырыбында 5 - 9 сынып оқушыларына кенес берілді. Ата - аналар жиналысында «Сіз қандай ата - анасыз?», «Мен қандай ата-анамын?» атты сауалнамалар, «Ата-ана махаббаты» тренингтері ұйымдастырылды. Және ата-аналарға арналған кенес берілді.

жазылған жадынамалар таркатылды. 9 сынып оқушыларыма «Мамандық деген не?» атты тренингтер өткізілді.



Отбасылық тәрбиенің ерекшелігі мен жанжақтылығы өз сипаты бойынша эмоционалды болып келетіндігінде болады және өз негізінде ата-аналар мен балалардың өзара махаббатына ие болады.

Мектебіміздің психологиялық қызмет жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Мектепте оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар деп аталатын санаттарды қамти отырып, психологиялық қызмет оқу – тәрбие үрдісін жақсартуда, ұжымда жағымды психологиялық ақуалды орнату мақсатында психологиялық сүйемелдеу жұмыстар жүргізіліп, өз үлестерін қостық. Қазіргі таңдағы бүкіл әлемдік пандемияға байланысты психологиялық сүйемелдеу жұмыстар әлеуметтік желілер арқылы онлайн түрінде жүргізіліп отырылды.

Мектептегі психологиялық қызметтің тәлім-тәрбиенің орталығы болып, жас ұрпақты қоғам талаптарына сай жеке тұлға ретінде жетілдірудегі рөлі зор.

Педагог-психолог: Сулейменова С. К